

БАҚ үшін хабарлама

*Отандық 30-ға жуық агрокәсіпорынның несиелері
мемлекет есебінен арзандатылатын болады*

14.05.2014

«Қазагромаркетинг» АҚ биыл алғаш рет Агроөнеркәсіп кешенінің субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысын ұйымдастырды. «Қазагромаркетинг» АҚ АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру мақсатымен олардың несиелік мен лизингісінің сыйақы мөлшерлемелерін арзандату мемлекеттік бағдарламасының операторы болып табылады.

Кеңес барысында Комиссия бірқатар қаржы институттары ұсынған 31 өтінім қарастырды, соның ішінде «ҚазАгро» холдингі құрамындағы еншілес компаниялар мен екінші деңгейлі банктер.

Барлық ұсынылған өтінімдер бойынша агрокәсіпорындардың қарызы 61,9 млрд. теңгені құрайды.

Қарыз алушылар 5 өңірдің кәсіпорындары болып табылады: СҚО – 13, Ақмола – 9, Қостанай – 4, Ақтөбе – 4, Маңғыстау – 1.

Кәсіпорындардың негізгі қызмет түрі – ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және өңдеу (бидай, арпа, зығыр, рапс, күнбағыс және т.б.). Иеліктеріндегі ортақ жер көлемі - 1202,0 мың га. Қарыз алушылардың біреуі ет-шұжық өнімдерін шығарумен айналысады.

Комиссия отырысының қорытындылары бойынша 28 өтінім қанағаттандырылды, олардың ортақ қарызы - 56,7 млрд. теңге. «ҚазАгро» холдингісінің тарапынан берілетін қорландыру қаражаты* 56,1 млрд. теңгені құрайтын болады.

Естеріңізге салар болсақ, былтыр қарызы 17,7 млрд. теңгені құрайтын 27 өтінім қанағаттандырылған болатын.

Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қаржылық сауықтыру мынадай жолмен жүзеге асырылады:

біріншіден, кредиттік және лизингтік міндеттемелерді **қайта құрылымдау** – қарыз алушыларда бар кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша қайтару мерзімдерін ұлғайту, төлемдерді өтеудің тәртібі мен кезектілігін өзгерту, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, сондай-ақ өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұсыну;

екіншіден, кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерді **қайта қаржыландыру** – қарыз алушыларға ұзақ мерзімді қайтару мерзімдерімен, төмен пайыздық сыйақы мөлшерлемесімен және бар берешектерін өтеуге жеңілдікті кезеңмен қосымша келісім жасау арқылы жаңа нысаналы кредиттер ұсыну не бұрын берілген кредиттерін алмастыру.

Агроөнеркәсіп кешені субъектілерін қаржылық сауықтыру «Агробизнес 2020» бағдарламасы басым бағыттарының бірі болып табылады. Қаржылық сауықтырудың негізгі мақсаты – агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің банкротқа ұшырауының алдын алу, несиелік ауыртпалықтарын жеңілдету, қарызды қайтару мүмкіндіктерін жақсарту.

***Қорландыру қаражаты** – қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелерін кейіннен қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру үшін қаржы институттарына қаржы агентінің – «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның ұсынатын қаражаты.

Қаржылық сауықтыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 18 сәуірде №379 қаулысымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары негізінде жүзеге асырылуда.

Бағдарлама бойынша толық ақпарат алу үшін «Қазагромаркетинг» АҚ-ның байланыс орталығына 8 800 080 7080 бойынша хабарласуға болады (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).

Анықтама:

«Қазагромаркетинг» АҚ-ның миссиясы ауылшаруашылық тауарлары мен қызметтерін дамытудың нарықтық инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады. Ол үшін компания өзінің ауылдық кеңес беру орталықтары арқылы қазіргі заманғы ең озық ақпараттық технологияларды пайдаланып шаруалардың ақпаратқа деген қолжетімділігін арттыруда.

ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың инвестициялық активтерін тиімді басқару жолымен агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырады. Холдинг құрамына «Азық түлік келісім шарт корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, «Аграрлық кредит корпорациясы» АҚ, «ҚазагроӨнім» АҚ, «ҚазАгрогарант» АҚ, «ҚазАгромаркетинг» АҚ кіреді.

«Қазагромаркетинг» АҚ
8 (7172) 580 - 177